

ШЫМКЕНТ АВИАБАЗАСЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЕСІГІН АШТЫ 3 - бетте



«ВСЕГДА ОСТАНЕТСЯ НАШИМ ГЛАВНЫМ ПУТЕВОДИТЕЛЕМ...» 4 - бетте



РУХТЫ ЖІГЕРЛЕНДІРЕТІН ӘСКЕРИ ОРКЕСТР 6 - бетте

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

Qyzyl Ásker
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА
WWW.SARBAZ.KZ

# SARBAZ

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz

№22 (2137)
31 мамыр 2024 жыл

газет 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап шығады

## ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛЕРІ КЕЗДЕСТІ

**Қазақстан қорғаныс ведомствосының басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Қорғаныс министрлері кеңесінің отырысына келген ресейлік әріптесімен кездесті.**

Генерал-полковник Руслан Жақсылықов Андрей Белоусовты Қорғаныс министрі лауазымына тағайындалуымен құттықтады.

Тараптар екіжақты әскери ынтымақтастықтың өзекті аспектілерін талқылап, кадр дайындау және Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымы шеңберіндегі оқу-жаттығуларды қоса алғанда, бірлескен іс-шараларды өткізу мәселелерін қозғады.

Сондай-ақ, өңірлік ұйымдар аясындағы өзара іс-қимыл туралы да сөз болды. 2024 жылы Қазақстан ҰҚШҰ мен ШЫҰ-ға, ал Ресей ТМД-ға төрағалық етеді. Тараптар мемлекетаралық бірлестіктердегі ынтымақтастық өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға ықпал ететінін атап өтті.

Оның практикалық тұрғыда іске асырылуы көпжақты оқу-жаттығулар шеңберінде де жүзеге асырылады. Генерал-полковник Руслан Жақсылықов ресейлік әріптесін биылғы жылдың шілде айында Қазақстанның батысында «Бірлестік» оқу-жаттығуы өтетінінен хабардар етті. Бірлескен іс-қимылдардың жоспарына сәйкес Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан әскери контингенттері қарулы қақтығыстарды оқшаулауға және заңсыз құралымдарға қарсы іс-қимылға байланысты оқу-жауынгерлік міндеттерді бірлесіп пысықтайды.

Кездесу қорытындысы бойынша қорғаныс ведомстволарының басшылары көпжоспарлы өзара іс-қимылды жалғастыруға уағдаласты.



## ӘСКЕРИ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Астанаға Беларусь Республикасы қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-лейтенант Виктор Хренин ресми сапармен келді.**

Дәстүр бойынша беларусь елінен келген қонақ «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Қорғаныс министрлігінде Беларусь мемлекетінен келген әріптесін Қазақстан Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов қарсы алды.

Биыл Беларусь Республикасы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүшелікке қабылдау рәсімдерін аяқтады. Осыған байланысты Қазақстанның Қорғаныс министрі Беларусь елінің толыққанды мүше мәртебесін алуы ұйымға сапалы жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

Кездесу барысында генерал-полковник Руслан Жақсылықов пен генерал-лейтенант Виктор Хренин жауынгерлік дайындық, бірлескен оқу-жаттығулар, әскери-спорттық жарыстар өткізу мәселелеріне тоқталды.

– Қазақстан Беларусь Республикасымен қарым-қатынасты дамытуға ерекше мән береді. ТМД, ҰҚШҰ және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберінде Қазақстан мен Беларусь қорғаныс және қауіпсіздік мәселелерінде өзара белсенді іс-әрекет жасайды. Қорғаныс саласындағы ынтымақтастықтың бұл түрі Қазақстан мен Беларусь арасындағы сенім мен достық қатынастарды нығайтуға, оған қоса өңірдегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді, – деді генерал-полковник Р. Жақсылықов.

Тараптардың айтуынша, ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі – әскери білім беру. Беларусь әскери жоғары оқу орындарында қазақстандық офицерлер мен курсанттар білім алып жүр. Жуырда Беларусь Республикасының Әскери академиясында Қазақстан Республикасының Әскери өнер аудиториясы ашылмақ.

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов әріптесіне Беларусь суворовшылары алғаш рет қатысатын «Айбын» Х халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынын өткізу бастамасын қолдағаны үшін алғысын білдірді.

Қорғаныс министрлері екіжақты ынтымақтастық жоспарын іске асырудың жоғары қарқынын атап өтіп, Қазақстан мен Беларусь Қарулы Күштерінің әскери әуеайлақтарында әскери әуе кемелерін қабылдауды, әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз етуді және күзетуді ұйымдастыру туралы келісімге қол қойды. Сапар аясында Виктор Хренин Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университетінде болды. Онда жоғары оқу орнының оқу-материалдық базасымен танысып, Беларусь әскери өнер аудиториясын аралады.



## АҚКӨЛ ҚАЛАСЫНДА САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВКЕ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

**Ақкөл қаласында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті.**

Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

Ескерткіштің ашылу рәсіміне Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова, Қарулы Күштердің ардагерлері, Халық Қаһарманы, отставкадағы Армия генералы Мұхтар Алтынбаев, Халық қаһарманы, отставкадағы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, отставкадағы авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров, елордадағы әскери колледждің курсанттары, Ақмола гарнизонының әскери қызметшілері, Сағадат Нұрмағамбетовтің жақындары және қала тұрғындары қатысты.

Іс-шараға қатысушылар әскерилер ротасының құрмет қарауылының және Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталық оркестрінің сүйемелдеуімен даңқты батырдың ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті.

Салтанатты рәсімде Мәулен Әшімбаев жұртшылыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ ол Сағадат Нұрмағамбетовтің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі екенін және батырдың есімі ел тарихына мәңгіге жазылғанын атап өтті.

«Қазақстанның алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов бүкіл саналы ғұмырын әскери қызмет саласына арнады. Мемлекетіміздің тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде айбынды армиямызды құруға және оны нығайтуға зор үлес қосты. Ол өзінің болмыс-бітімімен, өмірлік ұстанымымен және ақыл-парасатымен қазақ генералының нағыз үлгісіне айналды. Батырдың ескерткіші – халықтың қаһарман ұлына ыстық ықыласының, отанға қорғауға өмірін арнаған барша азаматқа шынайы құрметінің белгісі. Сағадат Нұрмағамбетовтің «Бейбіт күнді қырағы күзетіңдер!» деген сөзі бар. Бұл – тек сарбаздарға емес, әр отандасымызға жүктелген аманат. Оны орындау – бәріміздің перзенттік парызымыз», – делінген ел Президентінің құттықтау хатында.

Өз сөзінде Сенат Спикері Генаралдың ерлігі мен елге сіңірген еселі еңбегі әрдайым халықтың жадында сақталатынын айтты. Сондай-ақ ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен соңында қалған рухани мұрасын дәріптеу маңызды іс екенін, мұндай қадам ұлттық бірегейлікті нығайта түсетінін тілге тиек етті.

Батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова әкесі бүкіл ғұмырын отанға қызмет етуге арнағанын айтып, естеліктерімен бөлісті. Сонымен бірге ол игілікті іске ұйытқы болған азаматтарға және ескерткіштің авторы Айдос Бүркітбаевқа алғысын білдірді.

Жас сарбаздар даңқты қолбасшыға құрмет көрсетіп, әскери оркестрдің сүйемелдеуімен ескерткіш алдынан сап түзеп өтті.

Айта кетейік, Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылғы 25 мамырда Ақмола облысының Еңбек ауылында дүниеге келген. Ол – әскери колледждің курсантынан армия генералына дейін, пулеметшілер взводының командирінен тәуелсіз Қазақстанның Қорғаныс министріне дейінгі жолды жүріп өткен бірегей тұлға. Сағадат Қожахметұлының ерен ерлігі мен қайсарлығы КСРО-ның, Қазақстан Республикасының және тағы басқа мемлекеттердің 16 орденімен және 30 медальмен марапатталды.



# В ЦЕЛЯХ УКРЕПЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА

**Национальный университет обороны РК посетила турецкая делегация под руководством ректора Национального университета обороны Турецкой Республики доктора Эрхана Афионджу.**



Зарубежную делегацию принял заместитель министра обороны генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев. В ходе протокольной встречи стороны обсудили перспективы сотрудничества в области военного образования и науки.

В Национальном университете обороны Республики Казахстан для турецких коллег был организован ряд мероприятий с участием представителей Департамента военного образования и науки Министерства обороны РК, начальников Военного института Сухопутных войск, Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи и Военного института Сил воздушной обороны.

Турецкая делегация ознакомилась с системой военного образования Казахстана, материально-технической базой Национального университета обороны РК и программами обучения вузов.

В порядке обмена были организованы брифинги, лекции с обсуждением актуальных вопросов военного образования и науки.

Кроме того, члены зарубежной делегации приняли участие в торжественной церемонии выпуска военнослужащих, прошедших курсовую подготовку по русскому и турецкому языкам.

Визит турецких военнослужащих состоялся в соответствии с планом двустороннего сотрудничества между оборонными ведомствами Казахстана и Турции на 2024 год.

# ОТВЕТ НА ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ И УГРОЗЫ

**29 мая – Международный день миротворцев ООН. Он был учрежден в 2002 году Генеральной Ассамблеей Организации Объединенных Наций в знак признания их вклада в глобальную безопасность.**

Как ответственный член международного сообщества, участвуя в миротворческой деятельности ООН, Казахстан вносит практический вклад в сохранение мира и стабильности.

В 2018 году Казахстан первым среди стран Центральной Азии направил свои миротворческие подразделения в миссию ООН в Ливане, в которой уже приняли участие более 500 казахстанцев. У наших военнослужащих есть опыт участия в миссиях ООН в Непале, Кот-Д'Ивуаре и Мали. Сейчас казахстанские миротворцы проходят службу в миссиях в Ливане, Западной Сахаре, Центральноафриканской Республике и Демократической Республике Конго.

Историческим шагом для Казахстана стало самостоятельное развертывание миротворческого контингента в миссии ООН на Голанских высотах, где сегодня в составе миссии проходят службу 139 казахстанцев, выполняя задачи по поддержанию режима прекращения огня между противоборствующими сторонами.

Расширение географии участия военнослужащих Казахстана в миротворческих миссиях ООН свидетельствует о твердом намерении нашей страны оказать поддержку людям, страдающим от военных и гуманитарных кризисов.





Подготовка военнослужащих осуществляется на базе Центра миротворческих операций Министерства обороны РК, где проводятся сертифицированные курсы ООН. Специалисты учреждения дополнительного образования постоянно работают над совершенствованием подходов и методов обучения слушателей.

В свете реализации резолюции Совета Безопасности ООН 1325 (2000) «Женщины. Мир. Безопасность» Казахстан придерживается политики гендерного равенства, защиты и равноправия женщин. И это подтверждается участием казахстанских женщин-военнослужащих в миротворческих операциях ООН в качестве военных наблюдателей и штабных офицеров. На данный момент 8 казахстанских женщин-военнослужащих проходят службу в составе миссий ООН за рубежом.

Направление контингента в миротворческие миссии (операции) ООН не только вносит значительный вклад в укрепление международной безопасности, но и способствует повышению роли Казахстана на глобальной арене. Кроме того, это способствует приобретению военнослужащими боевого опыта, совершенствованию боевой подготовки Вооруженных Сил и выработке предложений по их дальнейшему развитию.

# ЗАХВАТ ПЛАЦДАРМА

**Международное многонациональное учение EFES-2024, в котором участвуют около 11 тыс. военнослужащих из 49 стран, вступило в активную фазу.**



Вместе с министром национальной обороны Турции Яшаром Гюлером от Казахстана за действиями участников наблюдают военный атташе генерал-лейтенант Мухамеджан Таласов и начальник Главного штаба Сухопутных войск Вооруженных сил РК генерал-майор Мереке Кучекбаев.

В ходе учения казахстанские десантники совместно с турецкими военнослужащими выполнили задачу по огневому поражению условного противника.

Передовые авианаводчики, среди которых гвардии капитан Мурат Ибрагимов, проходящий службу в 35-й десантно-штурмовой бригаде, выполнили тактические нормативы по скрытному приближению к условному противнику и наведению армейской авиации в ночных условиях с использованием системы DLIRIL-30 и прибора ночного видения ASELSAN A-600.

Высокий профессионализм продемонстрировали военнослужащие, входящие в группу разметки местности; старший лейтенант Данияр Касымханов (войсковая часть 18404), гвардии старший лейтенант Шерзод Ескермесов (войсковая часть 32363) и лейтенант Нурлан Джантлиев (войсковая часть 61993). Личным составом была проведена разведка площадок приземления для армейской авиации со штурмовыми отрядами, которые выполняли задачу по захвату плацдарма на территории условного противника.

Благодаря умелым действиям казахстанских десантников, слаженно выполнявших задачу с коллегами из Турции, все цели были поражены. Это дало возможность основным силам объединенных группировок войск перейти к дальнейшему наступлению.

Напомним, что международное многонациональное учение EFES-2024 является самым крупномасштабным в регионе. Оно проводится в целях обмена опытом и организации совместной деятельности стран-участниц, а также повышения уровня профессиональной подготовки военнослужащих. Активная фаза учений завершится 30 мая.



# ЗАСЕДАНИЕ 46-Й СЕССИИ СОВМЕСТНОЙ КОНТРОЛЬНОЙ ГРУППЫ

**Очередная сессия Совместной контрольной группы в рамках «Шанхайского» и «Московского» Соглашений с КНР об укреплении доверия в военной области и о взаимном сокращении вооруженных сил в районе границы состоялась на базе Национального университета обороны РК под председательством Республики Казахстан.**





В ее работе приняли участие дипломаты и военные эксперты из Казахстана, Кыргызстана, России, Таджикистана и Китая.

Приветствуя участников 46-й сессии Совместной контрольной группы, заместитель министра обороны Казахстана генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев подчеркнул роль Соглашений, способствовавших укреплению атмосферы взаимного доверия и сотрудничества в приграничных районах между несколькими государствами.

– Время доказало историческое значение военно-политических документов, фактически заложивших правовую основу для создания механизма Шанхайской пятерки который, в свою очередь вполне закономерно трансформировался в авторитетную международную структуру многопрофильного взаимодействия под названием Шанхайская организация сотрудничества, – сказал заместитель министра обороны Казахстана.

На заседании были рассмотрены вопросы выполнения участниками соглашений, обмена информацией о частях вооруженных сил и пограничных служб, находящихся в сто километровой зоне безопасности по обе стороны границ. Намечен план взаимных инспекций на второе полугодие текущего года и на 2025 год.

Стороны дали положительную оценку реализации Соглашений и отметили, что деятельность СКГ играет позитивную роль в укреплении дружбы и взаимного доверия, обеспечивает безопасность и стабильность, содействует сотрудничеству и развитию в приграничных районах.

Следует также отметить, что по заведенному регламенту заседания СКГ проводятся два раза в год. Весенняя сессия – в столице председательствующего государства, осенняя – в Китае.

# ЭЛИТНЫЕ ИСПЫТАНИЯ «ГОЛУБЫХ БЕРЕТОВ»

**На учебном полигоне «Лосвидо» под Витебском стартовали ежегодные профессиональные испытания десантников, получившие международный статус. Уже второй год подряд в них принимают участие военнослужащие Десантно-штурмовых войск Казахстана.**

Первым этапом элитных испытаний «голубых беретов» стал теоретический экзамен – проверка знаний по всем предметам боевой подготовки. Билеты содержали сложные вопросы, требующие глубоких знаний в таких областях, как тактическая, огневая, медицинская, разведывательная, инженерная, воздушно-десантная подготовка, военная топография, РХБЗ, связь и других дисциплин.

За кандидатами, которых в этом году около ста человек, с интересом наблюдают инструкторы. К практическим этапам будут допущены только военнослужащие, сдавшие теорию на «хорошо» и «отлично».

После письменных тестов кандидаты приступили к выполнению нормативов по воздушно-десантной подготовке. Они включали укладку и снаряжение людских парашютных систем Д-6 серии 4 и грузовых – ГК-30У. По результатам прохождения первого этапа испытаний лучшим стал командир разведывательного взвода старший лейтенант Нуртуган Сазанбай.



Напомним, что испытания на право ношения нагрудного знака «Доблесть и мастерство» направлены на совершенствование профессиональных навыков участников, проверку уровня индивидуальной подготовки военнослужащих, их готовности к выполнению разведывательных и специальных задач в любой обстановке.

ӘСКЕР ТЫНЫСЫ

# ЕРЖҮРЕК ТҰЛҒА

**Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына арналған Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қалалық білім басқармасының «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ерлік сабағы ұйымдастырылып өткізілді.**

«Аңыз адам» тақырыбындағы ерлік сабағының тізгінін ұстаған Приозерск гарнизонындағы Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Кенжебеков қазақтан шыққан батыр Сағадат



Нұрмағамбетовтың өмірі мен ерлік жолына тоқталды. Заманауи интерактивтік тақта арқылы іс-шараға қатысқан «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларына батырдың көрсеткен ерлік жолына арналған деректі фильм көрсетілді. Аты аңызға айналған Сағадат Нұрмағамбетов туралы ерлік сабағына арнайы шақырылған қонақтардың арасынан 60601 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Нұрдос Қалымбетов, 06708 әскер бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы капитан Сырым Бердалы, Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімшесінің әскерлер қызметі жөніндегі офицері лауазымын уақытша атқарушы аға сержант Қанат Эшназаров және «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханашысы Индира Талханбаева өз білгендерін жеткізді. «Аңыз адам» тақырыбындағы ерлік сабағына қатысушылардың батыр Сағадат Нұрмағамбетовтың өмірі мен ерлік жолынан үлгі алып, келешекте өз елінің нағыз патриоттары болып жетілетіндіктері сөзсіз!

**Думан Жұмашұлы**

# ТҰҢҒЫШ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ТӨСБЕЛГІЛЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ

**Семей қаласында жас толымның әскери ант қабылдау рәсімінде облыстық ардагерлерге тұңғыш Қорғаныс министрінің төсбелгілері табысталды.**

Екі жыл тарихы бар Абай облысының ардагерлері қазіргі таңда жастар ұйымы, оқушылар және студенттерді патриоттық тәрбиелеу мәселесінде белсенді атсалысып жүр. Осы себепті белсенділік танытып, ұлтымыздың болашағын тәрбиелеу жолында аянбай еңбек еткен ардагерлерге салтанатты түрде «Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетовке – 100 жыл» атты төсбелгілері табысталды.

Табыстау рәсімі барысында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшының орынбасары полковник Дархан Ажибаев ардагерлеріміздің ерен еңбегін атап өтіп:

– Сіздердің әскер сабынан құрметті зейнетке шыққандарыңызға біраз уақыт өтсе де, әлі күнге дейін өрескел ұрпақты тәрбиелеуге көмек беріп жүрсіздер. «Нағыз елінің патриоты» деп сіздерді мақтан тұтамыз. Сіздерден тәлім-тәрбие алған ұлдарымыз бен қыздарымыз Отан қорғау жолындағы қасиетті, игі істерімізіді жалғастырады деген сенімдеміз.

Салтанатты шара естелікке суретке түсу рәсімімен тәмамдалды.

**Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі**



# ШЫМКЕНТ АВИАБАЗАСЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЕСІГІН АШТЫ

**Кеңес Одағының Батыры, тұңғыш Халық қаһарманы және тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдық мерейтойына орай Шымкенттің екі жүзге жуық жоғары сынып оқушылары педагогтардың сүйемелдеуімен әскери ұшқыштардың немен ұшатынын көруге келді.**

Экскурсия бөлімнің аумағында өзін қалай ұстау керектігі туралы нұсқаулықтан басталды, содан кейін оқушылар Әуе қорғаныс күштерінде қызмет өткеру ерекшеліктері туралы ақпарат алып, әуе базасының әскери қызметшілерінің күнделікті өмірімен танысты және авиациялық техниканың үлгілерін көрді.

Бөліммен жалпы танысқаннан кейін қонақтарға СУ-25 шабуыл авиациясы ұшағының, Ми-35М соққы тікұшағының, сондай-ақ Ми-171Ш жүк-көлік тікұшағының кабиналарында отырып, өздерін нағыз ұшқыш ретінде сезінуге мүмкіндік берді. Ал борт техник капитан Анвар Ысқақов, экскурсанттарға әуе кемелері кабинасының ішкі құрылымын, олардың техникалық және басқа да сипаттамаларын егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол сондай-ақ қонақтарға авиациялық техникаға қызмет көрсету бойынша регламенттік жұмыстардың қалай жүргізілетінін айтып берді.

Сонымен қатар, эскадрилья командирінің тәрбие және идеологиялық жұмысы жөніндегі орынбасары майор Асан Иманбеков оқушыларды Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың өмірбаянымен, оның Ұлы Отан соғысындағы ерлігімен, тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштерін құрудағы және қалыптастырудағы рөлімен, сондай-ақ авиациялық базаның тарихымен таныстырды.

Әрине, мұндай экскурсия қатысушылардың біреуінің тағдырында шешуші рөл ойнайтыны анық. Мысалы, Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебінің оқушысы, кіші сержант Иманғали Құрбанов Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бегелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері Әскери институтына түсіп, өз өмірін аспанмен байланыстырғысы келеді екен. Әрине, Иманғали институтқа іріктеу өте маңызды екенін және одан физика мен математика саласында жақсы білім ғана емес, сонымен қатар керемет денсаулық қажет екенін жақсы түсінетінін айтты.

– Ұшқыштар кабинасы бәрінен бұрын ұнады, әр түйменің нені білдіретіні және олар не үшін арналғаны бұрыннан қызықтырды. Майор Асан Иманбеков бәрін жан-жақты және түсінікті түсіндіріп, көрсетті. Бірнеше жылдан кейін мен де осындай ұшақтармен ұшамын деп үміттенемін, - деп бөлісті Иманғали Құрбанов.

Кездесу соңында алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары Қарулы Күштер қатарында қызмет етуге балалардың қызығушылығын тудырған пайдалы және қызықты экскурсия үшін бөлім басшылығына алғыстарын жеткізді.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**



# ОРТАЛЫҚ АЛАНДА АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

**Еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өтеуге 2024 жылдың 1-ші шақырылымында Абай гарнизонындағы 30217 әскери бөліміне шақырылған 114 сарбаз серт берді.**

Гарнизондағы әскери бөлім сарбаздарының ант қабылдау салтанаты әдеттегідей әскери қалашықта емес, Семей қаласындағы орталық алаңда ұйымдастырылды. Жас жауынгерлерге ант қабылдау рәсімінің маңыздылығы айтылды. Мемлекет Президентіне, Қазақстанның көпұлтты халқына адал болуға беретін серті әрі қызметтегі міндеттерді заң жүзінде мінсіз атқаруды талап ететін мемлекеттік құжат – әскери ант екені түсіндірілді. Мінбеден сөз сөйлеген «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары полковник Дархан Саттарұлы Әжібаев әскери ант қабылдаудың салтанатты рәсімі – терең патриоттық маңызы бар шара, адам өміріндегі аса жауапты сәт екеніне мән берді. Сарбаздарды семсер сүйіп серт берген батыр бабаларымыздай антқа адал болуға шақырды.

Айтулы оқиғаның құрметіне орай еліміздің Мемлекеттік әнұраны орындалды. Сарбаздардың ант берген сәтін қала тұрғындары да тамашалап тұрды. Балаларының бір айдың көлемінде әскери өмірге бейімделіп, әскери сәлемдесу мен сап түзеуге машықтанғанына сағына қауышқан ата-аналар тәнті болды. Үлкендердің атынан Тұрсын Жұмахметова батасын берді. Елдің тыныштығы мен татулығын сақтауға ант еткен сарбаздар атынан қатардағы Ерзат Қасенбаев құттықтады. Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың 100 жылдығына





арналған медальмен ҚР Қарулы Күштер ардагерлері полковник Валерий Пузиков, подполковник Станислав Сарсеков, подполковник Роллан Нұржаубаев, подполковник Ербол Қанапин, майор Айдар Манасов, майор Ержан Сүлейменов, капитан Анатолий Гриб, капитан Екпін Шүршітбаев, аға прапорщик Қуаныш Бекбосынов, 3-сынып сержанты Жанар Жакупова, подполковник Әділ Қапенов, подполковник Дарын Әділбаев, майор Мырзахмет Жұмақұлов, аға прапорщик Әділ Нұрбосынов, прапорщик Олег Леньшин, 1-сынып сержанты Берік Бакирбаев, 3-сынып сержанты Рита Байырбекова, сержант Гүлмира Мақанова, старшина Ерғали Селейбаев, аға сержант Гүлгүл Рахимова марапатталды. Соңында қонақтарға бөлім әскерилерінің еркін жаттығулар кешені мен әскери оркестр концерттік дефиле көрсетті.

**Алуа ИСКАКОВА**
**Суретті түсірген автор**

# ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

**Талдықорған қаласындағы облыстық жинақтау пунктінде жастарды Отан алдындағы борыштарын атқаруға салтанатты түрде әскерге шығарып салды.**

Елімізде наурыздың бірінен бастап азаматтарды көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды. Биыл өңірден 2000-нан астам адам әскер қатарына қосылады деп жоспарланған. Осыған орай бүгін 30-ға жуық жас жігіт әскерге аттанды.

Әскерге шақырылушы жастардың Отан алдындағы борыштарын атқаруға көңіл күйлері жақсы әскери борыштарын өтеуге сақадай сай.

Әр азамат үшін әскерге барып-келу – үлкен өмір мектебі. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш. Бұл пікірмен біздің жас сарбаздар да келіседі. Солардың бірі – Жаркент қаласынан шақырылып отырған Орал Олжас.

Бұл сарбаздарға Қазақстан Республикасы Президентінің ұйғарымымен жоғары оқу орындарына оқуға түсуге үлкен мүмкіндік бар.

Шарада әскерге аттанушы жастардың ата-аналары ұлдарының аман-есен Отан алдындағы борыштарын атқарып келулеріне ниет білдіріп зор ықыласпен шығарып салды.

**Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі**



# «ВСЕГДА ОСТАНЕТСЯ НАШИМ ГЛАВНЫМ ПУТЕВОДИТЕЛЕМ…»

**По всей стране прошли мероприятия, посвященные памяти Героя Советского Союза, Халық қаһарманы №1 генерала армии Сагадата Нурмагамбетова.**








В Государственном военно-историческом музее состоялось открытие выставки «Халық жүрегіндегі қаһарман», приуроченной к 100-летию Героя.

Генерал-лейтенант Бакытжан Ертаев поделился воспоминаниями о первом министре обороны, рассказал о встречах с ним. Генерал армии Сагадат Нурмагамбетов был прост в общении, не чурался поездок в воинские части, помнил подчиненных по именам, интересовался положением дел на службе, подробно расспрашивал о семьях.

Много интересного из жизни Халық қаһарманы поведала его дочь Айсулу Сагадатовна Нурмагамбетова.

– Отец был творцом своей биографии, от командира взвода до министра, – поделилась она. – Он мечтал о сильной армии, современной и мобильной. Свое кредо он озвучивал так: служить своему народу и стране.

В открывшейся экспозиции представлены личные вещи Сагадата Кожахметовича – парадная форма генерала армии, документы и награды, редкие фотографии военных, послевоенных лет и периода руководства Вооруженными Силами Казахстана. Особенный интерес представляют фотоснимки, на которых запечатлены его встреча с министром обороны США Уильямом Перри в Алматы в 1994 году и участие в торжественном заседании ООН, посвященном 60-летию окончания Второй мировой войны, в Нью-Йорке 9 мая 2005 года.

Завершилось мероприятие концертом, подготовленным творческим коллективом Центрального военного оркестра Национального военно-патриотического центра Вооруженных Сил. Солист Центрального ансамбля Даурен Толеубаев исполнил для посетителей выставки песню «Сагадат».

В Мангистауском областном историко-краеведческом музее имени Абиша Кекилбаева открылась выставка «Халық жүрегіндегі қаһарман».

Начальник Государственного военно-исторического музея Вооруженных Сил РК Ляззат Альжан отметила, что выставка имеет большое воспитательное значение, она способствует также укреплению имиджа Вооруженных Сил Казахстана и популяризации музейного дела.

– Доступ публики к достоверной исторической информации – основная цель выставки, которая открывает перед посетителями возможность погрузиться в прошлое и увидеть его через призму настоящего, – сказала Ляззат Альжан.

На выставке представлены личные вещи, военная форма, документы и награды Сагадата Нурмагамбетова, а также уникальные фотографии времен Второй мировой войны, послевоенного периода и новейшей эпохи. Реликвии служат своеобразным мостом между прошлым и настоящим, позволяющим посетителям почувствовать дух времени и понять подвиг человека, который стал символом отваги и преданности своей Родине.

На базе военной кафедры НАО «Университет Нархоз» состоялось торжественное открытие военно-патриотического центра имени генерала армии Сагадата Нурмагамбетова. Почетное право перерезать ленту и открыть военно-патриотический центр военной кафедры НАО «Университет Нархоз» было предоставлено внучке генерала армии Айжан Нурмагамбетовой, президенту Университета Нархоз, председателю правления, доктору PhD право Мирасу Дауленову и ветерану Вооруженных Сил Республики Казахстан генерал-майору Владимиру Тузикову.

На мероприятии участники говорили о роли первого министра обороны в истории формирования современной армии.

В своей приветственной речи Президент НАО «Университет Нархоз» Мирас Дауленов отметил, что имя Героя, сыгравшего важнейшую роль в создании и становлении Вооруженных Сил, навечно вписано в историю нашей страны.

- Служить Родине, защищать Отечество было делом чести для Сагадата Кожахметовича Нурмагамбетова. Сегодня для всех нас он является примером беззаветного служения Отечеству. Его жизнь - образец патриотизма и героизма, любви к Родине и ответственности. Он посвятил все силы служению своему народу. Основная цель данного мероприития – это привитие молодежи достойных качеств, присущих герою нашего времени Сагадату Нурмагамбетову, - отметил он.

Ветеран Вооруженных Сил Республики Казахстан генерал-майор Владимир Тузиков в своей речи рассказал участникам мероприятия, каким командиром был Сагадат Нурмагамбетов. Он акцентировал внимание на личностных и профессиональных качествах великого военачальника.

Также своими воспоминаниями поделилась Айжан Нурмагамбетова. Из ее рассказов участники узнали, каким отцом и дедушкой был Сагадат Кожахметович.

В рамках мероприятия состоялась демонстрация документального фильма «Боевой путь генерала армии Сагадата Нурмагамбетова».

В Таразе, где расположен штаб регионального командования «Юг», в день столетия героя состоялось возложение цветов к мемориальной доске. В церемонии приняли участие командующий войсками регионального командования генерал-майор Куанышбек Уштаев вместе со своими заместителями, ветераны Вооруженных Сил Казахстана, представители органов военного управления Жамбылской области и командиры воинских частей Таразского гарнизона.

– Первый министр обороны Казахстана генерал армии Сагадат Нурмагамбетов – наше достояние, – подчеркнул генерал-майор Куанышбек Уштаев. – На его плечи в годы становления Вооруженных Сил Казахстана легла основная нагрузка по сохранению и формированию казахстанской армии. Он дал нам направление для ее дальнейшего развития. Сагадат Кожахметович смог создать основу и фундамент для дальнейшего поступательного развития казахстанской армии. Он всегда будет оставаться нашим главным путеводителем, и мы будем на него равняться.

В этот же день в школе № 10 города Тараза, которая носит имя Сагадата Нурмагамбетова, был проведен урок мужества. О героическом пути генерала армии Сагадата Нурмагамбетова школьникам рассказали военнослужащие батальона радиационной химической и биологической защиты, которые держат шефство над этой школой. Ученики школы узнали много познавательной информации о боевом пути Сагадата Нурмагамбетова в годы Второй мировой войны и деятельности в качестве первого военного руководителя казахстанской армии.

Торжественное мероприятие прошло в Павлодаре на базе Департамента по делам обороны. В нем участие военнослужащие гарнизона, видные общественные деятели региона, руководители ветеранских организаций, местных исполнительных органов области.

- Подвиг Сагадата Нурмагамбетова должен навсегда оставаться в сердце каждого казахстанца. Его пример является образцом для каждого военнослужащего, - отметил заместитель начальника Департамента по делам обороны Павлодарской области по воспитательной и идеологической работе подполковник Алмасбек Бухарбаев

К бюсту Героя возложили цветы общественность региона, также была проведена церемония награждения военнослужащих и других представителей области. Солист филармонии имени Исы Байзакова исполнил песню «Сагадат». Завершилось мероприятие прохождением торжественного марша.

В Гвардейском гарнизоне в ходе торжественного мероприятия были возложены цветы к памятнику, символизируя благодарность и почтение к его подвигу. Почтить память героя пришли командиры воинских частей гарнизона, представители акимата, местных органов военного управления, ветераны Вооруженных сил, воины-интернационалисты и ученики.

Выступавшие отметили исключительные заслуги Сагадата Нурмагамбетова в годы войны и в послевоенный период.

- Под руководством Сагадата Нурмагамбетова была сформирована казахстанская армия, он внес значительный вклад в ее строительство и развитие. Сегодня мы пришли почтить память человека, который всецело посвятил себя служению Родине, стал примером для всех поколений казахстанских воинов. Пусть этот день станет для вас символом мужества, чести и преданности Родине. Желаю вам быть такими же стойкими и доблестными, как Сагадат Нурмагамбетов, и достигать великих высот в службе! - подчеркнул начальник Гвардейского гарнизона полковник Ержан Мейрманов.

Медалью «100-летие генерала армии Сагадата Нурмагамбетова» за отличные показатели в службе были награждены гвардии старший лейтенант Ерсайын Рамазан - командир 6-ой артиллерийской батареи 2-ой тяжелого гаубичного дивизиона артиллерийской бригады и старший лейтенант Пахритдинов Ильяр - командир роты связи танковой бригады.

**Спортивные традиции**

Столетию прославленного военачальника были посвящены и ряд спортивных мероприятий. Так, в Алматы прошел международный турнир по боксу. Состязания прошли с участием 150 мастеров кожаной перчатки из Армении, Азербайджана, Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана.

Организатором турнира, посвященного Герою Советского Союза, Халық қаһарманы, первому министру обороны Казахстана генералу армии Сагадату Нурмагамбетову, выступил Спортивный комитет Министерства обороны РК.

В торжественной церемонии награждения победителей и призеров приняли участие руководитель аппарата Министерства обороны полковник Русланбек Бекжигитов и председатель Спортивного комитета Министерства обороны – начальник Центрального спортивного клуба полковник Арман Абеуов.

– Это уже 27-ой турнир в честь легендарного военачальника Сагадата Нурмагамбетова, стоявшего у истоков создания Вооруженных Сил Казахстана и всецело посвятившего себя самоотверженному служению Родине. Ваш путь в спорте также заслуживает уважения. Ведь успехи в спорте – это результат изнурительных тренировок, колоссального труда и невероятного упорства. Желаю вам профессионального роста, новых побед и достижений, – сказал Р. Бекжигитов.

Выступления спортсменов оценивались по 13 весовым категориям. Чемпионами стали: в весе до 48 кг – Нурзат Онгаров (Жамбылская область), до 51 кг – Сүлеймен Төлепберген (г. Шымкент), до 54 кг – Акылтай Рабатов (Алматинская область), до 57 кг – Баглан Кенжебеков (Жамбылская область), до 60 кг – Акмал Убайдов (Таджикистан), до 63,5 кг – Омар Ливаза (Кыргызстан), до 67 кг – Накобкохан Харутун (Армения), до 71 кг – Амангелді Нұржан (Жамбылская область), до 75 кг – Фарух Токтасынов (ЦСК), до 80 кг – Нурсултан Бейсембаев (Алматинская область), до 86 кг – Еркебулан Акимбай (Алматинская область), до 92 кг – Парвиз Каримов (Таджикистан) и свыше 92 кг – Нурсултан Аманжолов (Жамбылская область).

В Астане в честь векового юбилея Сагадата Нурмагамбетова и Рахимжана Кошкарбаева в триатлон парке столицы прошел забег на 5 и 10 км.

В нем приняли участие около тысячи военнослужащих Вооруженных Сил, Пограничной службы КНБ, Национальной гвардии и свыше четырехсот профессиональных бегунов и любителей спорта.

Участников мероприятия приветствовал заместитель председателя РОО «Ветераны Вооруженных Сил» генерал-майор в отставке Марат Нагуманов.

- анағұрлым лайықты әскери қызмет үшін емтихансыз және ұлттық бірыңғай тапсырманы есепке алмай, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына түсу мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен еліміздің жоғары оқу орындарының белгіленген мерзімде қызмет еткен әскери қызметшілерге тегін жоғары білім алу мүмкіндігін беру жөніндегі бірлескен жобасы да әскери қызметтің беделін арттыруға ықпал етері сөзсіз. Осы орайда, еліміздің елуден аса жоғары оқу орындарының басшылары қол қойған келісімде ынтымақтастық бағыттары, сондай-ақ мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарға тегін білім алу үшін жыл сайын бөлінетін орындардың саны айқындалғаны белгілі.

Одан әрі мінбер биігінен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ардагері Т.Кенжебеков жоғары сынып оқушыларына Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мерзімді қызметтің сарбаздарына «несиелік демалыс» беру туралы меморандумды бекіткенін жеткізді. Бұл бағыттағы еліміздің қорғаныс ведомствосының қолға алған бастамасының мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге әскери қызмет өткеру кезеңінде өз несиелерін ұмытуға мүмкіндік беретіні анық. Несиелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру барлық банктермен және микроқаржы ұйымдарымен сарбаздардың барлық ақшалай қарыздарын тоқтата тұруы нысанаға алынады. Жастарды әскерге шақыру науқаны кезінде болашақ Отан қорғаушылардың жиналған банктік қарыздары мен шағын несиелері туралы мәліметтер бірден Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне жіберілетін болады.

Еліміздегі мектеп түлектері қатарынан әскери маман атану және әскер қатарында қызмет етуге ниет білдіргендер әскери қызметшілер тарапынан зор қолдау тауып жатса, айбынды армиямыздың қатарындағы нағыз отаншыл да жігерлі сарбаздарымыздың қатары көбейе беретіні сөзсіз!

**Приозерск гарнизонының**
**баспасөз хатшысы**
**Думан Жұмашұлы**

# АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

**Алдын-алу іс-шаралары қажетті нәтижеге жетуге бағытталған. Осыған орай «Кезекті демалыста жол-көлік оқиғасыз» атты акция аясында іс-шара өтті.**



Іс-шараға Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімі бастығының (қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі) орынбасары - бөлімше бастығы майор Айбын Сәмбетбаев, алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов, Каратал аудандық полиция бөлімінің мемлекеттік көлік инспекторы полиция аға лейтенанты Асхат Жүнісов, әкімшілік тәжірибе тобының инспекторы полиция аға лейтенанты Нұрман Омаров 15603 және 55078 әскери бөлімдерінің лауазымды және жауапты тұлғаларымен кездесу өткізді.

Онда акция аясында жол-көлік оқиғаларын алдын алу, болдырмау және заң талаптарын қатаң түрде сақтау бойынша мәселелер қаралды. Іс-шараның басты мақсаты да сол болды, яғни, жолда жүру кезінде әскери қызметшілердің қатысуымен болатын әскери және жеке көліктермен жол-көлік оқиғаларын алдын алу.

– Мұндай шаралар әскери қызметшілермен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажеттілігін саналарына сіңіру болып табылады, - дейді алдын алу бөлімшесінің бастығы әділет майоры Нұрбол Зейтинов.

Қажеттілігі зор шара басқа да әскери бөлімдерінде жалғасын таба бермек.

**Жетісу гарнизонының**
**баспасөз қызметі**

# СЕРЖАНТТАР КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТЕРІН АРТТЫРУДА

**Аягөз гарнизонындағы 97616 әскери бөлімінің оқу-жаттығу базасында сержанттар құрамымен нұсқаулық-әдістемелік сабақтар өтті.**

Ол сержанттардың әдістемелік және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру арқылы жеке құраммен жұмыс кезінде жауынгерлік даярлық сабақтарын жүргізуді үйрету және кәсіби даярлық пен іс-жүзіндегі дағдыларын жетілдіру мақсатын көздеді. Жиынды сапалы өткізу мақсатында арнайы сабақ жетекшілері мен нұсқаушылар тағайындалды. Әскери бөлімнің оқу-жаттығу алаңында бірқатар оқу нүктелері белгіленді. Сабақ барысында әскери топография, армиялық қоян-қолтық ұрыс, тактикалық медицина жаттығулары орындалды. Атыс тактикалық жаттығулары көрсетілді. Одан бөлек ұрыс алаңында туындайтын әртүрлі штаттан тыс жағдайлар да пысықталды.

97616 әскери бөлімінің бригада сержанты 1-сынып сержанты Қуаныш Сағындықовтың айтуынша, жиын әрбір жеке құраммен жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті сержанттар құрамының білім деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылды. «Білім мен тәжірибені бізге сеніп тапсырған жеке құрамға үйретіп, оларға үлгі болу – біздің басты міндетіміз. Сондықтан кәсіби мамандығымызды жетік меңгеріп, біліктілігіміз бен білімімізді тереңдетіп жатырмыз», - деді ол.



**Алуа Искакова**

# «ПОНИМАЛИ, ЧТО ОТ НАС МНОГОЕ ЗАВИСИТ…»

**В Тараз из Атырауской области прибыл воинский эшелон с военнослужащими 5-й механизированной бригады регионального командования «Юг», завершившими свою миссию по проведению противопаводковых мероприятий. На железнодорожной станции выгрузки воинов встречал торжественным маршем оркестр регионального командования, а в воинской части героев с нетерпением ожидали сослуживцы и семьи военнослужащих.**





**Дина МУХАРИНОВА**
**Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),**
**пресс-служба Таразского гарнизона**

Режим чрезвычайной ситуации в Атырауской области был введен 7 апреля этого года. И сразу же от руководства западного региона поступила просьба о привлечении военной силы для оказания помощи местным органам по чрезвычайным ситуациям.

В короткие сроки Главнокомандующим Сухопутными войсками было принято и отдано распоряжение на выдвижение в зону стихийного бедствия тысячи военнослужащих регионального командования «Юг». Для оказания помощи в Атыраускую область выдвинулись боевые подразделения Таразского, Гвардейского и Шымкентского гарнизонов. Из Тараза на оказание помощи выехали военнослужащие 5-й механизированной бригады имени Бауыржана Момышулы.

– По прибытии в Атыраускую область мы распределились по населенным пунктам Индерского района и приступили к укреплению береговой линии вдоль реки Урал, – рассказывает заместитель командира 5-й механизированной бригады по боевой подготовке подполковник Мурат Тастаев, осуществлявший руководство отрядом. – Наши военнослужащие работали с большой самоотдачей, прилагая много сил и энергии. Цель у нас была одна – успеть до опасного подъема уровня воды возвести и укрепить дамбу, чтобы не допустить затопления населенных пунктов.

За время с начала противопаводковых мероприятий военнослужащими регионального командования «Юг» было заполнено песком почти два миллиона мешков, установлено 400 листов шифера, заблокировано 13 шлюзов, протяженность дамбы составила 140 тысяч метров. Треть от этого объема выполнили военнослужащие 5-й механизированной бригады.

Наравне со старшими боевыми товарищами усердно трудились и солдаты срочной службы. Те, у которых вышел срок срочной службы, вернулись из Атырауской области буквально неделю назад. А солдаты, которым служить еще полгода, оставались в Атырауской области до самого завершения миссии.

– Мы понимали, что от нас многое зависит, и потому прилагали много сил, – рассказывает рядовой срочной службы Игнатий Ракитин из Экибастуза. – Да, было трудно, но мы должны были переломить ход ситуации в нашу пользу, помочь гражданам. Мы заполняли мешки песком, носили их на дамбу. Благодаря этому дамба стала еще прочнее. За это время наш воинский коллектив еще больше сплотился.

– Это было что-то новое в нашей армейской жизни. В моменте даже казалось, что мы совершаем некий героический поступок, – признается рядовой срочной службы Расул Альжанов родом из Караганды. – Я уверен, что борьба с природной стихией является неотъемлемой частью нашего воинского долга. Мы поехали не просто так, а чтобы помочь народу. Если бы мы не воздвигли эти стены из мешков с песком, то тогда, возможно, аул бы затопило. А так мы смогли предотвратить очень большую проблему.

Ежедневные сводки об уровне воды с гидропостов, действительно, свидетельствовали о подъеме уровня воды. Так, в районе поселка Индербор с начала поводка общий подъем уровня в Урале составлял свыше четырех метров.

Ситуация требовала, чтобы в тот момент военнослужащие стояли на защите Родины не с оружием в руках, а с лопатами и мешками с песком. Когда региону грозила опасность, нужно было применять любые методы, способы и силы. Главное – стабилизировать ситуацию. И военнослужащие добились этого.

В настоящее время в Атырауской области продолжает работу оставшийся отряд из состава воинских подразделений Шымкентского и Гвардейского гарнизонов. Решение об их возвращении домой будет принято по мере стабилизации ситуации.

# ПОДГОТОВКА ВОЕННЫХ УЧЕНЫХ В РАМКАХ ОДКБ

**В данное время в докторантуре Национального университета обороны Республики Казахстан начинается ответственный этап. Докторанты выпускного курса завершают свой трехгодичный курс подготовки и выходят на финишную прямую, где им предстоит пройти процедуру предварительного обсуждения диссертационного исследования на расширенном заседании кафедр и в дальнейшем защиту на заседании Диссертационного совета.**

Особо следует отметить, что в этом году впервые прошли предварительное обсуждение и получили положительное заключение на расширенном заседании кафедры двое докторантов из Республики Таджикистан, полковники Умарзода С. С. и Акобирзода Д. А., обучающиеся на основе соглашения о совместной подготовке военных кадров для вооруженных сил государств-членов Организации Договора о коллективной безопасности.

Председателем расширенного заседания кафедры в лучшую сторону был отмечен полковник Умарзода Сулаймон Сафарали, показавший блестящие результаты подготовки и глубокие знания в области своего исследования.

Научным консультантом данных докторантов является Мухамеджанова Сайран Шаймерденовна – доктор исторических наук, Академик военных наук РК, действительный член Академии военных наук РФ, также первая и единственная женщина в Казахстане, удостоенная звания «профессор военных наук». Она внесла огромный вклад в становление и развитие военной науки Республики Казахстан. Под ее научным руководством защитили магистерские, кандидатские и докторские диссертации более 40 офицеров.

В конце июня 2024 года планируется заседание Диссертационного совета Национального университета обороны Республики Казахстан, где докторанты пройдут процедуру публичной защиты своих диссертационных исследований.

Защита докторской диссертации – это официальная церемония, завершающая многолетний путь научных исследований и позволяющая получить высшую научную степень. Это важное достижение, отображающее высокий уровень знаний, организации и профессионализма соискателя. Время, энергия и труд, вложенные в создание диссертации, приносят заслуженную похвалу со стороны общества и показывают уверенность в своих способностях.

Коллектив докторантуры Национального университета обороны Республики Казахстан во главе с начальником докторантуры - доктором философии (PhD), ассоциированным профессором полковником Есбергеновым Кайсарбеком Балтабаевичем поздравляет своих коллег из дружественной Республики Таджикистан с прохождением предварительной защиты на кафедре!

От всей души желаем пройти успешную защиту докторской диссертации на соискание степени доктора философии (PhD) по специальности «Военная история», несомненных успехов и больших достижений в дальнейших трудах и науке. Уверенных сил, блестящих перспектив и громких побед, неугасаемого оптимизма и бравой удачи!

**Подполковник Булат ГАБДУЛЛИН,**
**докторант 1 курса Национального**
**университета обороны**



# ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

**В Гвардейском гарнизоне состоялось заседание межведомственной комиссии по реализации плана «Точечная профилактика» и программы «Береги жизнь», с привлечением всего офицерского и сержантского состава гарнизона.**

Совещание проводил заместитель командующего регионального командования «Юг» по ВиИР полковник Ораз Кучуков совместно с начальником гарнизона полковником Ержаном Мейрмановым.

Полковник Ораз Кучуков подчеркнул, что одной из основных задач командования воинских частей является поддержание дисциплины и порядка среди личного состава.

- Особое внимание уделите предотвращению нарушений правил воинской службы, включая злоупотребление должностными полномочиями, несоблюдение уставных норм, употребление наркотических средств и алкоголя, а также нарушения режима отдыха и питания. Командиры воинских частей должны активно взаимодействовать с личным составом, проводить профилактические мероприятия и организовывать обучение по вопросам воинской дисциплины и правилам поведения.

Участники заседание довели причины возникновения подобных нарушений и выработали ряд мер для их предотвращения. Было отмечено, что одной из ключевых задач является повышение профессиональной подготовки командиров и руководящего состава, чтобы они могли эффективно управлять своими подразделениями, поддерживать дисциплину и предотвращать проявления насилия.

Начальник гарнизона полковник Ержан Мейрманов отметил, что важно уделять внимание не только профилактике правонарушений, но и созданию благоприятных условий для прохождения службы в гарнизоне:

- Это поможет снизить вероятность конфликтных ситуаций и повысить эффективность службы. Командование активно работает над созданием благоприятной среды, то есть улучшение жилищных и бытовых условий.

Также была поднята тема психологической работы среди военнослужащих, направленной на формирование здорового психологического климата, развитие навыков эмоционального контроля и конструктивного разрешения конфликтов. Важно было подчеркнуть значимость командно-подчиненных отношений, основанных на взаимном уважении и доверии.

Начальник Военного управления регионального командования «Юг» подполковник Мурат Жолдасов представил командирам и личному составу гарнизона новоиспеченного начальника отдела военной полиции Гвардейского гарнизона майора Бакытжана Абильдаева.

Вновь назначенный начальник отдела Военной полиции Гвардейского гарнизона майор Бакытжан Абильдаев подчеркнул важность разработки и внедрения методики точечной профилактической работы.




- Методика точечной профилактической работы разрабатывается в соответствии с приказами Министерства обороны и зависит от конкретных условий и особенностей каждой воинской части. Командиры частей лично разрабатывают эту методику на месяц вперед, учитывая специфику своего подразделения. Только совместными усилиями командования частей и отдела Военной полиции можно достичь положительных результатов. Вместе сотрудники обеих структур должны работать над предупреждением правонарушений, проводить профилактические беседы с личным составом, осуществлять контроль за поддержанием воинской дисциплины.

Военный прокурор Гвардейского гарнизона подполковник юстиции Динмухамед Спатай и начальник Гвардейского отдела ЮРВСУ МВД РК подполковник Нурлан Аликайдаров также приняли участие в заседании. Они обсудили важные вопросы и заострили внимание на координации действий различных ведомств для эффективного выполнения поставленных задач.

По итогам совещания с командирами воинских частей и личным составом Гвардейского гарнизона, военнослужащие получили ценные рекомендации. Теперь у них есть не только ясное понимание задач, но и необходимые инструменты для их выполнения. Они готовы предпринять дальнейшие шаги для обеспечения безопасности и порядка в своих частях.

**Турсунбек МАКСАТ,**
**Жумат БАЗАРКУЛ (фото),**
**пресс-служба Гвардейского гарнизона**

# АРМИЯ - ПУТЬ К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ

**33 солдата танковой бригады Гвардейского гарнизона получили сертификаты, позволяющие бесплатно обучаться в высших учебных заведениях.**





Эти сертификаты позволяют военнослужащим выбрать образовательные программы в различных вузах страны, что открывает перед ними широкие перспективы для получения новых знаний и навыков, необходимых для службы и гражданской жизни.

Цифровая платформа «Срочники 2.0», разработанная в Министерстве обороны, позволяет отслеживать и анализировать всю информацию о военнослужащих. Система автоматически выстраивает рейтинг солдат на основе их итоговых оценок, что способствует объективному и справедливому распределению по высшим учебным заведениям.

Отбор кандидатов на получение бесплатного образования производится в соответствии с оценочными показателями военнослужащего по таким критериям, как уровень освоения программы боевой подготовки, личная дисциплинированность, полнота выполнения специальных обязанностей в ходе несения службы в суточном наряде, оценка психологического состояния.

Солдаты, получившие сертификаты, выразили свою благодарность за предоставленную им возможность и подчеркнули важность получения высшего образования для успешного выполнения служебных обязанностей и дальнейшего карьерного роста.

Рядовой Нурболат Орынбай, солдат 3-го танкового батальона, один из получивших сертификат на бесплатное обучение, поделился своими впечатлениями:

- Для меня получение этого сертификата – огромная честь и возможность. Я всегда мечтал о высшем образовании, хотел поступить в Военный институт Сухопутных войск. Благодаря поддержке Министерства обороны, у меня теперь есть шанс реализовать свою мечту. Образование откроет новые перспективы и поможет мне стать лучше как в службе, так и в жизни. Я благодарен командованию и всем, кто поддерживает эту инициативу.

Уникальная программа по мотивации молодых людей к службе в армии реализуется уже второй год. В рамках этой программы солдаты-срочники ежегодно получают 3000 грантов на обучение в лучших вузах страны. Половина грантов выдается по итогам осеннего призыва, а другая половина - по результатам весеннего.

**Турсунбек МАКСАТ,**
**Жумат БАЗАРКУЛ (фото),**
**пресс-служба Гвардейского гарнизона**

# ӘУЕ КЕҢІСТІГІ СЕНІМДІ ҚОЛДА

**54835 әскери бөлімінің құрылғанына 80 жыл толуына орай салтанатты шара өтті. Әуе шебін қорғаушылар Семейдегі Жеңіс аллеясында Отан үшін от кешкен батырлардың рухына тағзым етіп, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.**

1930 жылдары Маньчжурияда жапондықтардың қатысуымен құрылған Маньчжоу-Го марионетті мемлекеті агрессорлар әскерінің КСРО мен Моңғолияның шекарасында болуына мүмкіндік бергені тарихтан аян. Жаудың қахарын ескерген Кеңестер Одағы 40-қа жуық дивизияны Қиыр Шығыста әзірледі. Кеңестік қолбасшылық 1945 жылдың мамыр-маусым айларында су бөгеттерінде, таулы және орманды жерде жауынгерлік тәжірибе жинақтаған Карель майданы мен 2-ші Украин майданын Батыстан Қиыр Шығысқа жіберді. Кеңестік Қарулы Күштер соғыс қимылын тамыздың 9-ында бастап, 23 күннің ішінде Квантун армиясының күл-талқанын шығарды. Олардың қатарында 1944 жылы 14 наурызда Моңғол Халық Республикасының Ундер-Хан қаласында құрылған 54835 әскери бөлімі де болды. Ұрыс қимылдары кезінде жеке құрам барлауға 37 мәрте шығып, 116 жауынгерлік ұшу жасады. «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен 224 адам марапатталды. Соғыс аяқталған соң әскери бөлімге Одақтың әуе шекарасында жауынгерлік күзетті сапалы жүргізу міндеті жүктелді. Құрылған күннен бастап бөлім 14 рет қайта қаруланды. Ұшқыштар И-16, Як-9, Як-3, Як-17Б, МиГ-15 бис, МиГ-17, МиГ-17ПФ, МиГ-19, Як-25, Як-28, Су-9, Ту-128, МиГ-31, МиГ-31б, По-2, Як-9В, Як-25М, Ту-124, МиГ-25, Ми-8 секілді сан түрлі авиация техникасын меңгеруде үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Әскери бөлім құрылуы мен ҰОС қатысуы (1944-1947 жылдар), Забайкалье әскери округінің құрамында болуы (1947-1960 жылдар), Сібір әскери округының құрамында болуы (1960-1989 жылдар), Ташкент әуе шабуылына қарсы қорғаныс армиясының құрамында болуы (1989-1991 жылдар), ҚР ҚК Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің құрамында болуы (1992-1997 жылдар), ҚР Әскери әуе күштерінің құрамында болуы (01.08.1997-31.05.1998), ҚР ӘҚК құрамында болуы (01.06.1998), авиация базасы болып қайта құрылуы (01.06.1999), авиация комендатурасы болып қайта құрылуы (01.11.2002) секілді даму кезеңдерінен өтті.



Абай театрында ұйымдастырылған мерекелік шарада әскери бөлімнің жауынгерлік жолы туралы фильм көрсетіліп, әуе шебін қорғаушыларға құрмет көрсетілді. «Армиялық авиация ұшқыштар құрамының кәсіби біліктілігі – маңызды індет. Тікұшақтарды жүргізуді сапалы меңгеруге қойылатын талап та күшті», - деді сұхбатта әскери бөлімнің командирі болған полковник Талғат Сыздықов. Ол – әскери ұшқыш әрі мерген. Әуеде көлік жүргізген уақыты 2000 сағаттан асып жығылады. Ми-2, Ми-24, Ми-8, Ми-17, америкалық өндірістің UH-1-H2 тікұшақтарының да түр-түрін меңгерген.

# ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ

ҮЛГІЛІ САРДАР

**Қайырбек Нұрбекұлы Қамбарбек Ақмола облысының Зеренді ауданындағы Көктерек ауылында туып-өсті. Ауылдағы орта мектепте оқып, кейін Астана қаласындағы С.Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебін бітірді. Құрлық әскерлерінің әскери институтының командалы-тактикалық аэромобильді әскер және арнайы мақсаттағы әскер факультетінде білім алды. 2019 жылы әскери жоғары оқу орнын тәмамдай салысымен, әскери қызмет жолын «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының 44736 әскери бөлімінен бастады.**



Ол ҚР ҚК арнайы операциялар Күштері компоненттерінің жауынгерлік әзірлігінің жағдайын және белгіленген уақытта жауынгерлік тапсырманы орындау қабілеттілігін бағалау мақсатындағы «Алтын жебе – 2020» тексерісінде топ командирі лауазымында жауынгерлік дайындығының деңгейін көрсетті. Тактикалық жағынан күрделі, көпсатылы бұл сайыста әскери бөлімдер мен құрылымдар жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейіне келтіріліп, белгіленген ауданға маршты жүзеге асыруда жергілікті мекенді бағдарлау қабілеттілігі мен төзімділігі, күндіз және түнде оқу-жаттығу тапсырмаларын орындау дәрежесі, құрылымдардың моральды-жауынгерлік қасиеттері тексерілді. Бөлім әскерилері жауынгерлік дабылмен көтеріліп, түнгі уақытта белгіленген жауынгерлік ауданға 10 шақырымдық маршты жүзеге асырды. Тексерістің негізгі кезеңін орындау барысында құрылымдар торылдауға қатысты. Жеке құрам жауынгерлік тапсырманы алдын ала білмеді, жаттығудың артықшылығы да сол болды. Армиялық авиацияны бағыттау және ұрыс қимылдарын жүргізудің бірден-бір тәсілі болып саналатын артиллериялық атысты дәлдеу бойынша нормативтерді де орындады. Армиялық авиация мен артиллерияны дәлдеудегі ептілік, қарсыластың диверсиялық-барлау топтарымен күрес, күндіз және түнгі уақытта армиялық тактикалық ату жаттығулары, миналық жару ісі, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс, қоян-қолтық ұрыс әдістерін орындау басты назарға алынды. Жеке құрам армиялық тактикалық атыс жаттығуларын қысқа мерзімде өте жақсы меңгеріп, түрлі қашықтықтағы қозғалыстағы немесе қозғалыссыз нысаналарды көздеп, тасадан тұрып, жатып, отырып, тұрып, тізерлеп және тіреп атты. Атыс қаруының және суық қарудың бірнеше түрлерін, сондай-ақ, қоян-қолтық ұрыс элементтерін бір жаттығуда кешенді қолданды. Мәселен, әрбір әскери қызметші өз мамандығы бойынша арнайы тактикалық дайындықтан, армиялық қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінен, күрек және пышақты 4 метрге лақтырудан нормативтер тапсырды. Атыс даярлығына армиялық тактикалық атыстың 1-ші, 2-ші, 3-ші, 4-ші жаттығулары жыл басында енгізілгендіктен, дайындық барысында көптеген қиындықтар болды. Дегенмен, роталар сынақтардан еш сүрінбей өтті. Қорытындысында 44736 әскери бөлімі еліміз Қарулы Күштерінің Арнайы операциялар күштері әскери бөлімдерінің арасынан үздік шықты. Жеке құрамның жауынгерлік машығы мен шеберлігі және кәсіби амалдар мен қимыл-әрекеттерді орындаудың деңгейі жоғары бағаланды. Қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін меңгеруден де «бес» деген баға алды. Ал, аға лейтенант Қамбарбек «Үздік топ командирі» атанды.

Қайырбек Қамбарбек Қазақстан мен Пәкістанның арнайы мақсаттағы құрылымдарының қатысуымен ұйымдастырылған «DOSTARYM – 2023» халықаралық оқу-жаттығуына да қатысты. Жауынгерлікке жақын далалық жағдайда лаңкестікке қарсы дайындық жүргізуді және тәжірибе алмасу арқылы терроризммен күрес жөніндегі екі мемлекеттің әскери қызметшілерінің кәсіби құзіреттілігін арттыруды көздеген тактикалық-арнайы жаттығуда далалық жағдайда заңсыз қаруланған құраманы табу, оқшаулау, көзін жою жөніндегі дағдыны жетілдірді. Жеке әзірлік, топтардың үйлесуі, біріккен жаттығу жүргізу кезеңдерінен өтті. Оқу-жауынгерлік міндеттерді орындауда аралас топтармен де әрекет жасады. Бір сөзбен айтқанда, халықаралық жаттығу жас маманды бұрынғыдан да ширатты, шынықтырды.

Қызметтестерінен оқ бойы озық жүретін офицер биыл атыс сайысында жақсы көрсеткішімен ерекшеленді. Атыс дайындығында 4-ші бақылау атыс жаттығуында 97 ұпай жинақтады. Ол командирлік ететін арнайы мақсаттағы таулық барлау ротасының әскери қызметшілері ҚР ҚК Құрлық әскерлеріндегі барлау бөлімдерінің арнайы мақсаттағы барлау топтарын кешенді тексеруге тартылып, жалпы нәтижесінде 4,47 балл алды. Биыл тексеріс жүргізілген Құрлық әскерлерінің арнайы мақсаттағы 9 барлау тобының арасынан 44736 әскери бөлімінің үш бірдей барлау тобы алғашқы жүлделі орындарды жеңіп алғанын еске салайық. Әскерилер төрт кезеңнен құралған кешенді тексеріс барысында әскери топография, әскери медицина, байланыс, тактикалық және атыс дайындығынан барлығы 18 норматив тапсырды. Нақтырақ айтар болсақ, түнде азимуттың бағытымен 15 шақырымға жүріп, объект координаттарын анықтады. Барлау топтары ұзақ қашықтыққа, яғни, тапсырмалар жүзеге асырылатын ауданға шықты. Қарсыластың нысанына барлау жасады. Оның анықталған координаттары туралы мәліметтерді радио арқылы баяндады. Күндіз шабуылға, түнде торуылға шықты. Бұған қоса радиостанцияларды күйге келтіріп, «Тадиран» корреспондентімен байланыс орнатты. «Теміржолды миналау бойынша қимылдарды», «Құдалаудан қол үзу және жиналу пунктіне шығу әрекеттерін» де пысықтады. Рота және топ командирлері картада жұмыс жасады. Күндіз қозғалыссыз нысаналарды көздеп, бір орында және қозғалыста қапталдан ату, күндіз қозғалыссыз нысаналарды түрлі тәсілді қолдана фронтальды ату, күндіз атыс позициясын алмастыра отырып, пайда болған және қозғалыстағы нысаналарды түрлі тәсілде пулеметтен, мерген винтовкасынан ату, сондай-ақ күрек және пышақты түрлі қашықтықтан лақтыру жаттығуларын жоғары көрсеткішпен тапсырды.

Кешенді тексеріс соңында топ командирі аға лейтенант Ерболат Мұратұлы «Үздік топ командирі», маман-барлаушы-жарғыш қатардағы Ферхат Орымбаев «Үздік жарғыш», аға маман-аға барлаушы-пулеметші ефрейтор Азамат Сләмғазин «Үздік пулеметші», аға маман-аға барлаушы-нысанашы кіші сержант Нұрділдә Қуаныш «Үздік бағыттаушы», аға маман-аға барлаушы-мерген сержант Саят Садыханов «Үздік мерген», аға маман-аға барлаушы-радиотелефонист ефрейтор Елжас Нариманов «Үздік радиотелефонист», маман-барлаушы-радист ефрейтор Мират Айғазиев «Үздік дәрігер» атанды.

Арнайы мақсаттағы таулық барлау ротасының командирі аға лейтенант Қайырбек Нұрбекұлы Қамбарбек әскери қызметтегі бес жылдың ішінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Отанымызды қорғау жолындағы арман-мақсаттары мен алар асулары әлі алда. Уақыт талабына сай кәсіби біліктілікті арттырып, бағынышты жеке құрамды ұдайы дайындықтың жоғарғы деңгейінде ұстау ол үшін аса маңызды.



# ЖАҚСЫ НИЕТ ІЗГІЛІККЕ ЖЕТЕЛЕДІ

**«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы 44736 әскери бөлімінің әскерилері қызметтесінің жақынына қол ұшын созуға ниет білдіріп, қан тапсырды.**

Жанар-жағармай қоймасының бастығы кіші сержант Арыстан Жақсыбаевтың ағасына қажетті қан беруге бөлім әскерилері ерікті түрде барды. Қан тапсырмас бұрын әрбір донор қан тобын анықтау мақсатында алдын ала зертханалық тексеруден өтті. Ықтимал қарсы көрсетілімдерді айқындау үшін дәрігермен де әңгімелесті. Игілікті іс жасауға әскери бөлім командирінің орынбасары – штаб бастығы подполковник Ернар Қалиев, майор Ақжан Бегімов, капитан Олжас Сатыбалдинов, капитан Нұрсұлтан Қайыргелді, 3-сынып сержанты Мұхтар Мақұлбаев, кіші сержант Азамат Сыздықов, кіші сержант Шыңғыс Дауылбаев, сержант Қайрат Чадаев, ефрейтор Айдос Садықбаев және азаматтық персонал Мейрамгүл Смақова атсалысты. Дәрігерлердің айтуынша, ересек адамның ағзасында шамамен 4,5-5,5 литр қан бар. Донордан оның оннан бір бөлігі – 450 мл алынады.

Айта кетейік, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері қан банкін толтыру үшін үнемі қан тапсырып отырады.




# ӘСКЕРИДІҢ БАЛАСЫ – ГЕРМАНИЯНЫҢ ФУТБОЛ КЛУБЫНДА

**2023 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен Алматыға жиналған 150 баланың арасынан Кёльн қаласындағы «Фортуна» неміс футбол клубына 14 жасар Нұрдәулет Серік іріктеп алынды. Ол – Bundes Trials агенттігінің есебіне Германияға тегін жолдама алған қазақстандық талантты деп танылған екі жас футболшының бірі.**

«Елім-ай» футбол клубының тәрбиеленушісі болған Нұрдәулет Серік шетелдік мамандардың назарына бекерден ілікпеген екен. Германияға бара салысымен өзін жақсы жағынан көрсетіп үлгерді. «Байер» (Леверкузен), «Таксофит», «Фортуна» (Кёльн), «Кёльн» футбол клубтары көріп, қарым-қабілетін жоғары бағалады. Ұсынылған келісімшарттардың арасынан Кёльн қаласындағы «Фортуна» футбол клубы таңдап алынды. Қазір Нұрдәулет осы клубтың U-14 командасында орталық жартылай қорғаушы, сол және оң вингер, орталық шабуылдаушы позициясында.

«Ұлым 2010 жылғы. Бес жасынан каратэмен шұғылданды. 2017 жылы Семейдегі «Алтай» клубына барды. Ойындағы қимыл-қозғалысын жаттықтырушысы Сергей Васильевич Еремин алғашқы таймнан-ақ ұнатты. Балам «Bundes Trials» агенттігі Германияның кәсіби клубтарына Орталық Азия мен Қазақстанда іріктеу бастағаны туралы әлеуметтік желіден біліп, бағын сынап көргісі келетінін айтты. Алайда о баста келіспедім. Тек ұйымдастырушылармен хабарласқаннан кейін барып, растығына көзім жетті. Осылайша былтыр қыркүйек айында жазылдық. Айымыз оңынан туып, іріктеуден бірінші болып өттік. Ұлым қазір клубтың бағдарламасы бойынша интернационал мектебінде бір жылдық неміс тілін үйрену үшін оқып жатыр», - деді әкесі Бақдәулет Шарахметов.

Болашағынан зор үміт күттірер футболшының әкесі 01852 авиациялық әскери бөлімі материалдық-техникалық қамтамасыз ету батальонының рота командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтар жөніндегі орынбасары, байланыс торабы бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, 54835 әскери бөлімі байланыс торабы бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, штаб бастығының (әскерлер қызметі жөніндегі) орынбасары – әскерлер қызметі бөлімінің бастығы лауазымында қызмет атқарды. Бүгінде запастағы подполковник. Анасы кіші сержант Қымбат Шарахметова – 54835 әскери бөлімінде инженерлік-авиациялық бөлімінің қамтамасыз ету бөлімі авиациялық-техникалық мүлік қоймасының бөлімше бастығы (қойма бастығы). Нұрдәулет – үйдегі бес баланың төртіншісі.

**Алуа Искакова**
**«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы**

SARBAZ

ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі:
«ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар
**Тимур АУБАКИРОВ**
**Ерлібай ҚАДЫРБАЙ**

Тілшілер:
**Рима ӘБЕУОВА**
**Нариман ДЮСЕНОВ**
«Шығыс» ӨңҚ аймақтық тілші
**Алуа ИСКАКОВА**
«Астана» ӨңҚ аймақтық тілші
**Фархат КИНЖИТАЕВ**

Дизайнер
**Адил ШЕРИМБЕТОВ**

Корректорлар
**Сымбат НҰРХАЙДАРОВА**
**Наталья ВАРНАВСКАЯ**

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әркез сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

**Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Вебсайт: www. sarbaz. kz
**Тел/факс: 8 702 712 36 70**
**E-mail:** INFO@SARBAZ. KZ
Газет **«Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б**
Көлемі 3 б. т.
Офсеттік басылым.
**Индекс 604204**
**Таралымы 2327 дана**
**Тапсырыс №22**